

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ  
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ  
CREATIVE DIRECTION**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН (КӘСІПТІК БІЛІМ)  
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН (ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ)  
VISUAL ARTS AND DESIGN (VOCATIONAL TRAINING)**

ӘОЖ: 745.03

**<sup>1</sup>Жолдасбекова С.А.,\* <sup>1</sup>Изтлеуова А.Ш., <sup>2</sup>Займоғлы Өмер**

<sup>1</sup>педагогика ғ.д., профессор. М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>магистр, оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>PhD, доцент, Акдениз университеті. Анталья, Түркия

**ҚАЗАҚТЫҢ СӘНДІК - ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ  
РУХАНИ-ӨНЕГЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Автор-корреспондент: saulez.63@mail.ru

**Түйін:** Бұл мақалада Рухани жаңғыру аясында ұлттық рухтағы жастарды қолөнері арқылы баулу қолға алынған. Жоғары оқу онында «Шебер қолдар» үйірмесінің жұмысы мен қолөнері туралы оның дамуы жолынан тарихи деректер, жасалу жолдары, сәндік қолданбалы өнердің бірнеше үлгілері мен қол өнер бұйымдарын жасауға үйрету бойынша түрлі жаттығулар берілген. Озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуді насихаттау, еліміздің ұлттық-рухани байлығын жаңғырту, ұлттық қолөнерімізді насихаттауды жандандыру, жастар арасынан дарынды, талапты жасөспірімдердің шығармашылығын көтеру сияқты мәселелер қарастырылған. Үйірмеде студенттер технологиялық әдіс-тәсілдердің түрлерін меңгеріп, пайдалану арқылы, кілем және гобелен тоқу, сыммен және ілмекпен тоқу, құрақ құрау, жүнмен жұмыстар сырмақ, қоржын тұрмыстық бұйымдар жасау оның стилін, тарихын, өз тараптарынан қолөнер жұмыстарын дайындауға үйреніп, меңгереді, білімін тереңдетіп, мысалдар беріледі және үйренсем деген жұртшылыққа арналады. Студенттердің рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыру жолдары көрсетілді.

**Кілт сөздер:** рухани-өнегелік құндылықтар, тұскиіз, кілем, гобелен, сырмақ, ілмек, сым.

**Кіріспе.** Қазақ халқының ұлттық қолөнері –бұрынғы өткен бабаларымыздан бізге жеткен асыл мұра. Асыл мұраны, тарихымызды, көне мәдениетімізді қастерлеу, өркендету және жалғастыру – әрбір ұрпақ үшін қасиетті парыз. Өйткені онда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшелік, форма, ою-өрнектер ғана емес, сондай-ақ салт- дәстүріміз тарихымыз халақтық мінезіміз қалыптасқан.

Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график- суретшісі, бейнелеу өнерінің негізін салушы Ә. Қастеевтің: «Мен өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен үйрендім» деуі содан болса керек.

Жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани- мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау.

Тұңғыш Президентіміз – рухани жаңғыртуға жетелейтін бағдарламалық мақаласында елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қоғамның тұтас және қазақстандықтардың әрбірінің санасын жаңғыртудың бірнеше басымдықтарын айрықша атап айтқан болатын. Көзі ашық, білімді, көкірегі ояу ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Жастарды ұлттық-рухани құндылықтармен сусындатып, озық дәстүрлерді жаңғырту арқылы тәрбие беріп келеміз. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда болашақ жеткіншектерге жаңа сапалы деңгейде білім беріп, болашақ мамандарды білімге, прагматизм мен бәсекеге қабілеттілік сананы жаңғыртудың басты негізгі қағидалары мен ұстанымдарын орындап келеміз [1].

«Рухани жаңғыру» идеясы ұзақ мерзімге жоспарланған жоба. Осы жобаны жүзеге асыру арқылы халықтың санасын жаңғыртып, өркенниетті қоғам құруды, тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, салт-дәстүрін жаңғыртуды көздеп отыр. Қазақстан жастарына бұл ретте үлкен жауапкершіліктің артылып отырғаны бәрімізге белгілі. Бабадан қалған тіл мен дәстүрді, қолөнерімізді, жерімізді, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу, қазіргі ұрпақтың Қазақстанды әлемдегі ең алдыңғы дамыған елдердің қатарына қосуға ат салысуы тиіс. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы осы міндетті жүзеге асыруға басты сеп болатын құралға айналатынына күмән болмайды. Ұлттық құндылықтарымызды жастарға насихаттауға қайсы бір пәннің болса да мүмкіншілігі мен жетістіктері мол. ЖОО ұстаздар қауымы «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» жобасына үлес қосуда кәсіптік оқыту, технология сабақтарында білім алушыларды қолөнерге үйрету арқылы тәлім-тәрбиедегі, оқу-тәрбие процесіне арқау ету керектігін күн санап сезінуде.

**Негізгі бөлім.** Қазіргі уақытта жас ұрпақтың замануи, жаңаша ойлап, әрекет етуі, кедергілерді жеңіп, табысқа талпынуы қуантарлық жайт. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», - деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпақ емес. Рухани жаңғыру арқылы ғана біз ұлттық рухтағы жастарды тәрбиелейміз десек, оған тағы бір дәлел ЖОО «Рухани жаңғыру» бөлімшесінің ашылуы. Бұл дегеніміз, рухани дәстүрдің басты негізі. ЖОО оқу тәрбие процесінде ұлт көшбасшысының бағдарламалық мақаласы басты назарға алынып, жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Және алда тұрған негізгі міндеттерді насихаттау мақсатында атқарылатын іс-шаралардың желілік кестесі жасалып, жоспарға сәйкес түрлі ауқымдағы шаралар жыл бойы тұрақты өткізіледі.

Осы мемлекеттік бағдарламаның негізінде кәсіптік білім беру мандығының студенттері арасында өткізілген олимпиадалар, мен үйірме жұмыстарына ЖОО студенттері мен қызметкерлері тұрақты қатысып келеді. Мақала аясында көрсетілген замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуді насихаттау, еліміздің ұлттық-рухани байлығын жаңғырту, ұлттық қолөнерімізді насихаттауды жандандыру, жастар арасынан дарынды, талапты жасөспірімдердің шығармашылығын көтеру, М. Әуезов атындағы ОҚУ студенттерін өз елінің патриоты етіп тәрбиелеу, мәдениетке, қазақ халқының салт-дәстүрлерін өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында халық қолөнер шеберлерімен кездесу ұйымдастырылып тұрады. Осы орайда студенттерді сәндік қолөнерге баулу барысында белгілі шеберлерді атап айтсақ Қазақстан Шеберлер одағының, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Шымкент университетінің доценті, қолөнерші Бибіажар Симованың туындыларын таныстырып, талдау жасап, еңбектерін көрсетіп, шеберлік сағатын өткізіп, студенттердің қызығушылығы мен ой - өрісін ояту мақсатында кездесулер ұйымдастырылды.

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын заманауи үлгіде студенттерді дизайнды меңгертуде табиғи материалдардың бірі жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерін жаңаша әдіс - тәсілдерін үйрету - студенттерді еңбек сүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулу мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Осы тұрғыда ұлттық қолөнердің тарихын терең меңгертіп, мазмұны мен ерекшеліктерін болашақ жастарға рухани, эстетикалық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамытары сөзсіз[2].

Білім алушыларға тәрбиелік мәні бар сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын өз қолдарымен жасап көруге іскерлігін, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, құштарлығын арттыру, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын арттырып, ұлттық құндылықтарымызды сақтауда бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Сондай жұмыстардың бірі қазақ халқының өнерін бұрынғысымен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық өнерді сүйеге, құрметтеуге баулу, әлемдік өркениетке бет бұрған еліміз үшін студенттерге тәлім-тәрбие беру басты

парызымыз деп ойлаймыз.

Қазіргі жаһандық даму жағдайында жастардың бойына рухани құндылықтарды сіңіріп, тоқыма өнерінің қыр-сырын үйретіп, жас ұрпақтың бойына ұлттық өнеріміздің бай мұраларын сіңіре отырып, шығармашылыққа баулу арқылы жеке тұлға етіп қалаыптастыру басты міндеттеріміздің бірі.

Ерте заманнан бастап қазақ халқы сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен айналысқан. Мысалға алатын болсақ, киіз үйдің жабдықтары: тұскиіз, алаша, ши, кілем, текемет, сырмақ, сандық, қоржын, бау-басқұр, уыққап, үзік, жастықағаш, төсекағаш, торсық т.б. бұйымдар осы бағытта орындалды. Ата-бабаларымыз киіз үйдің жабдықтарын тұрмыстық қажеттілігіне байланысты қолданып қана қойған жоқ, сонымен қатар оларды әр түрлі ою-өрнектермен, аң терілерімен көркемдеп сәндеген[3].

Қазіргі таңда қазақ халқының сан ғасырлық бай өнері мен мәдениетін, бұрынғы негізді сақтай отырып, жаңа заман талаптарына сай дамытып, әлемге таныту, ұлттық болмысымызды сақтап қалу маңызды болып отыр. Сол себепті де жаңаша бағытта дайындалған сәндік-қолданбалы өнер туындылары қазіргі кезде көптеп шығарылуда.

Студенттерге сәндік-қолданбалы өнерге бағытталған көркем-шығармашылық сабақтары шыдамдылыққа, әсемдікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелей отырып, олардың жасалу жолдарын жетік білуге деген құштарлық пен белсенділігін танытады. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектердің мән-мағанасы, бояу түстері материалдары, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытып, керемет шығармашылық туындылардың өмірге келуі соның айғағы. Осы орайда дәстүрлі халықтық көркемөнерге тартуда «Кәсіптік оқыту» кафедрасының базасында ұйымдастырылған үйірме жұмысы маңызды рөл атқарады. Үйірмеде студенттердің бір-бірімен қарым-қатынас шеңбері кеңейе түседі және өздігінен ізденіс жұмыстарымен, жекелеген шығармашылық жұмыстармен айналысуға тырысады.

Осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Шебер қолдар» үйірмесінің студенттердің білімі мен шеберлігін қалыптастыруға қосар үлесі зор. Үйірме жұмысы төрт бағытты қамтиды олар: кілем және гобелен тоқу, сыммен және ілмекпен тоқу, құрақ құрау, жүнмен жұмыстар сырмақ, қоржын тұрмыстық бұйымдар жасау. Үйірме сабақтарына 1-4 курс студенттері қамтылған, өздерінің икемділігі, қалауы бойынша осы төрт бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Осы үйірме жұмыстарында студенттердің шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, өздері тоқып, құрастырып жасалған еңбектері бағаланады және жұмысының нәтижелерін өткізілетін көрмелер мен жоғары мектеп базасындағы музейлерден көруге болады. Бұл үйірмеге қатысатын студенттердің әрі қарай қанат жаюына үлкен жол ашады.

Халықтық өнерге баулуда үйірме сабақтарының студенттерге ісмерлік жолдарын ашып көркемдік шеберліктің тәсілдерін меңгеруге жол ашады. Үйірмеде студенттер өз шеберліктерін іс жүзінде көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және пайдалы заттарды жасай алады. Сондай сәндік-қолданбалы өнердің бірі гобелен тоқу өнеріне тоқталмақпыз.

Тоқыма өнерінің түрлері - кілем, алаша, ши тоқу, гобелен өнері жылдан жылға дамып келеді. Дәстүрлі түкті кілем мен кілем тектес тоқыма бұйымдары қазақ арасында жоғары бағаланады, олар киіз үйдің төріне керегелерге ілінеді. Кілемнің көптігі үй иесінің байлық-дәулетінің, дәрежесінің көрсеткіші болып табылған. Гобелен –өнерінің шығу тарихы Франция елінен бастау алады XVI ғасырда Гобеленовтар отбасының осы тоқыма өнерін дамытып әлемге паш етті. Әр халықтың өзіне тән тарихи, рухани құндылықтары сән салтанаты, салт-дәстүрі бар, ол әліде жалғасып өз мәртебесін биіктете жалғасып келеді. Ал осы гобелен өнерін тұңғыш рет Қазақстанда дамытқан қолөнерші Қ.Тыныбековтың еңбек жолдармен жасұрпақты таныстыра отырып, тоқыма өнеріне оның ішінде гобелен тоқуға деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Қазіргі кезде осы гобелен тоқу өнерімен тереңірек жұмыс жасап жүрген Б.Зәуірбекова, Р.Р.Базарбаева,

М.Мұқанов, Әлібай және Сәуле Бапановтар және т.б. шығармашылық жұмыстарымен таныстыра отырып, олардың жеткен жетістіктерімен шығармашылыққа баулу қажет[5]. Бұдан көретініміз, қазақ халқының өнермен айналысатын шеберлерінің қандай ұйымшыл, жан дүниесінің бай, өнеріміздің әдіс тәсілдерін жетілдіріп, ұлттық рухы мен ұлттық санасының биік екенін аңғарамыз. Осындай өнерлі, дана халықтың ұрпағы бола тұра неге бізге, ұлттық рухпен сана-сезімді жандандырмасқа, жаңартпасқа.

Қолдан жасалған бұйымдардың, тоқылған кілемдер мен гобелендердің суреттерінде философиялық мағанасы бар, мәні тереңде жатыр. Үйірме жұмысында кілем, гобелен тоқу жұмысы студенттерді қызықтырады. Сондықтан студенттер гобелен тоқымас бұрын сюжеттік суреттер салу жолдарын іздестіреді. Гобеленнің көркем композициялық туындының алғашқы үлгісі тақырыптық мазмұнға сәйкес, ішкі жан дүниені толғандыратын ой, идея, қиялдан туған бейнелерді көрсетуге арналған болуы керек. Тоқымадағы суреттермен безендірілуі, ою-өрнектермен табиғат сұлулығымен ұштастырған бұндай көркем шығармашылық туынды адамға үлкен ой тастап, студенттердің фантазиясын ұштай түсетіні анық. Сондықтан гобелен өнерінің сәндік-қолданбалы өнерде алатын орны ерекше. Қысқаша айтқанда гобелен өнерін үйірме сабақтарында оқытып, үйрету дегеніміз көнеден келе жатқан дәстүрлі тоқыма өнеріміздің әдіс тәсілдерін жетілдіріп, келешек ұрпаққа асыру болып табылады. Гобелен тоқуда еңбекке, өнерге ойлау қабілетін арттыруға, нәзіктік пен сұлулықты сезіне білуге, табандылық пен шыдамдылық, ұқсатымдылыққа тәрбиелейді[4].

Гобеленнің тоқылу мен суретіндегі ерекшелігі, оның әсемдігі, композициясы, үйірме студенттерінің қызығушылығын арттырып, эстетикалық талғамын оятатын, философиялық ойларға толы, сұлулықтан әсер алуына септігін тигізуі қажет. Студенттер тоқу барысында абстрактілі суреттердің композициялық шешімдерін, ою-өрнек үлгілерінен рельефті пішіндерін орындай алады. Осы тоқыма өнердің барлығына дерлік ортақ ою-өрнек. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелетін ою-өрнек. Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындай әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А.С.Фелькерзам қолөнерді, әсіресе, кілемді терең зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық» музей деп атаған [6].

Қазіргі уақытта гобелен өнерінің нағыз қарқынды дамып жатқанын байқауға болады. Студенттер үйірме жұмыстарында гобеленге сюжеттік қазақша нақыштағы суреттерді іздестіріп, эскиз даярлайды. Жалпы түс ұлттық дәстүрмен байланысты. Оңтүстік өңірі болғандықтан әрбір студент, өз жұмыстарына ашық түсті жіптерді қолданады, ол адам көңілін көтеріп, қуанышқа бөлейді. Түстер адам жан дүниесіне түрліше әсер береді: сары түс қуанышты, жылылықты сездірсе, қызыл түс адамға күш, көңіл күй, жасыл түс адамды тыныштандырып ерекше бір салтанатқа бөлейді[7]. Үйірмеде студенттердің тоқыған кілемшелері мен гобелендерін төмендегі суреттерден көруге болады. Жас шеберлер бұл дайындалған бұйымдардың әрқайсысының бір-біріне ұқсамауына ерекше назар аударады. Көздің жауын алатын бұндай қолөнер бұйымдарын көпшілікке таныстыру мақсатында шығармашылық жұмыстардың көрмесін ұйымдастыруда дәстүрге айналған.

Студенттердің гобеленді тоқуда, қандай да бір затты бейнелеуде қиялдау фантазиясы өседі, қолдарының бұлшық, мықтылығы күшейіп, ритімдік қимылы жеделдейді, көз қырағылығы артып, техникалық білімі артады. Өздерінің жасап жатқан бұйымдарын көз алдына елестетіп, нәтижесін көруге асығады. Студент бұйымды жасау үшін, өз жұмысын жоспарлайды, бітпей жатып екінші жұмысқа өту мүмкін еместігін түсінеді. Үйірме жұмыстары студенттерді жинақтылыққа, мәдениеттілікке үйретеді және кез-келген жұмысқа кіріспес бұрын жоспарлау қажеттілігін ұғынады.

Қазіргі уақытта жүннен әзірленетін бұйымдар халық арасында үлкен сұранысқа ие екенін күнделікті тұрмыста көріп, естіп жүрміз. Уақыт талабына сай жүннен жасалатын

қолөнері арқылы панно, картиналар, заманауи әмиян, қол дорбалар мен сырмақтарды осы үйірме сабақтарында студенттер өз қолдармен орындайды. Ертректе апа -әжелеріміз сырмақты қолдан жұқа етіп басылған ақ, қара түсті киіздерді ойып (инкрустация) әдісімен қиюластырып тігу арқылы дайындаған[8]. Қазіргі уақытта жүн талшықтарын өңдеп, іске жаратып жатқан адамдарды аз кездестіреміз. Оның орнына дайын киізге ұқсайтын талшықтарды желімдеу, престоу тәсілімен дайындалған фетр материалдарының түрлері көптеп шығуда. Осы фетр маталары жұқа, оюларды қиыстырып беттестіріп машина тігістерімен тігуге өте икемді әрі қолжетімді. Фетр материалдарының қиюластырылған жерін, түрлі-түсті ширақ етіп ширатылған ала жіптермен бастырып жиек салып тігеді[9].

Төменде суретте студенттердің «Шебер қолдар» үйірме сабақтарындағы сырмақ, ілмекпен сыммен, кілем, гобелен тоқу жұмыстарын көруге болады (1 Сурет).



**Сурет 1 -** Үйірме сабағында студенттердің кілем, гобелен тоқу және жүннен жасалаған жұмыстарынан көрніс

Осыған орай, қазақтың дәстүрлі сәндік -қолданбалы өнері арқылы студенттердің рухани-өнегелік құндылықтарын үйірме сабақтарында тоқыма өнері кілем, гобелен тоқу, қолөнер жұмыстарына үйрету арқылы қалыптастыруға болатынына көз жеткіздік. Қазақ гобелені де дәстүр сабақтастығына қызмет етеді деп сенеміз. Осылайша әрбір студенттің үйірме жұмыстарында ата- бабамыздан мұра болып келе жатқан ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұраларын терең меңгертіп, мәдени тарихи ескерткіштерді білу, сақтау, насихаттауға шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, қиялын, фантазиясын оятуға, теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде тігудің, тоқудың қыр-сырымен танысып, шындауға мүмкіндік алды.

Халықтаң рухани-өнегелік, мәдени әлемі оның дәстүрлі өнерінен көрінеді және де тиісті өз орнын алады. Ұлттық өнер, халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін өмірде пайдаланылып келген ою-өрнектер, сәндік, тоқымашылық, әшекейлік өнерлер талай ұрпақтың ақыл – ойы мен шеберлігінің жемісі. Біздің мақсатымыз, ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ ұлттық қолөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын, жалпы адамзаттар мәдениеттер қатарынан көрсете білу. Осы мақсатқа жету үшін қазақ қолөнері арқылы оқушының рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарастыру қажеттігі туындап отыр [10].

Студенттер қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнерін оқу мен меігеру барысында еңбек үрдісіндегі өздерінің іс-әрекеттерін басқаруға, оны жоспарлауға, мақсаттар мен

міндеттер қоюға, оңтайландыру мүмкіндіктерін табуға, еңбек мақсатына қол жеткізуге үйренеді, жаңа білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгереді. Сонымен білім алушы сәндік -қолданбалы өнер шығармашылығымен терең танысу негізінде қызығушылыққа бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиеленеді және олардың талғампаздығы жетіледі. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы ойлары өседі, адами саналары толықси түседі, сол туындыларды өз қолдарымен жеке және топта жасауы барысында қухани –өнегелік сапалары артады, шеберлігі шындалады, еңбекке, еңбек ардагерлеріне құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге талпынады. Осы тұлғалық сапалардың қалыптасуы барысында шеберлік дағдылары да үлкен мәнге ие болады.

Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету - өнегелі іс.

**Қорытынды.** Тақырыбымызды қортындылай келе, студенттерге оқу тәрбие үдерісі мазмұнына қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарына баулу арқылы іс-әрекетін педагогикалық негіздеріне сүйенген жаңа технологиясын енгізсе, соғұрлым білім алушылардың ұлттық мәдениетке деген сана- сезім, рухы көтеріліп, эстетикалық талғамы, патриоттық қасиеттері артып, ертеңгі өмірге қажетті іскерлік бейім-қабілеттері, рухани - өнегелік құндылықтары қалыптасқан болар еді. Қазіргі таңда қазақ халқының сан ғасырлық бай салт-дәстүрімізді, мәдениеті мен қолөнерін, жаңа заман талабына сай дамытып, ұмытпай әлемге паш етіп, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға қазақстанның әрбір азаматы өз үлесін қосса нұр үстіне нұр болмақ. Сонымен, студенттерге сәндік өнерді меңгерту- ол ертеден келе жатқан өнерімізді, тәжірибедегі ең жақсы жетістіктерімізді жинақтау, жаңғырту, зерттеу өйткені ұлттық қолөнеріміздегі тәжірибені іс жүзінде пайдаланып, қандай нәтижеге жетуге болатындығы белгілі. Педагогикалық оқыту барысында осы қолөнер бұйымдарын үйірме жұмыстары арқылы жандандырып рухани-өнегелік құндылықтарымызды жаңаша мазмұнда, үйлестіріп көрсете білу, оны ары қарай дамыту, болашақ ұрпағымыздың еншісінде деп білеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (12.04.2017ж).
2. Жолдасбекова С., Изтилеуова А., Ыскак А., Райымкулова А., Кубенов М. Народные ремёсла: Учебное пособие. Астана: Фолиант, 2013. 264 с
3. Әбдіғаппарова Ұ.М.Қазақтың ұлттық ою-өрнектері: оқу құралы, Алматы.Өнер.2005.- 225 б.
4. Райымқұлова А.Д. Түксіз кілем тоқудың әдістемесі: әдістемелік құрал. Алматы, 2007. 152 б.
5. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан 2005. 256 бет
6. Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия казахские орнаменты. Алматы: Кітап, 2005. 283 б
7. Адамқұлов Н. Ұлттық қолданбалы қолөнері. Студенттерге арналған оқу құралы, Алматы, 2007. 122 б.
8. Мұқанов К. Жүннен жасалатын бұйымдар.Алматы: Қайнар, 2001.-144бет.
9. Марғұлан А.Х. Қазақтың қолданбалы халық өнері. I-II том. Алматы: Өнер, 2012. 177 бет.
10. Керімбаева М.С. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі. Астана, 2007.

**Аннотация:** В статье рассматривается вовлечение молодежи в национальный дух через ремесла в контексте духовного возрождения. В вузе представлены исторические факты о работе и ремесле кружка «Умелые руки» с пути его развития, способы создания, несколько образцов декоративно-прикладного искусства и различные упражнения по обучению рукоделию. Рассмотрены такие вопросы, как пропаганда умения превращать передовые традиции в важнейшие предпосылки успешной модернизации, возрождение национально-духовного богатства

страны, активизация пропаганды национальных ремесел, повышение креативности одаренных, целеустремленных подростков из числа молодежи. В кружке студенты осваивают и осваивают различные виды технологических приемов: ковровое и гобеленовое ткачество, вязание крючком и проволокой, лоскутное вязание, шерстяное вязание, изготовление корзиночных изделий, изучают его стиль, историю, способы изготовления поделок со своей стороны, углубляют знания, дают примеры и предназначаются для изучения. Показаны пути формирования духовно-нравственных ценностей студентов.

**Ключевые слова:** духовно-нравственные ценности, ковры, гобелены, тесьма, крючок, спицы.

**Abstract:** The article deals with the involvement of young people in the national spirit through crafts in the context of spiritual revival. The university presents historical facts about the work and craft of the circle "Skilful Hands" with the path of its development, methods of creation, several samples of decorative and applied art and various exercises for teaching needlework. Such issues as the promotion of the ability to turn advanced traditions into the most important prerequisites for successful modernization, the revival of the national and spiritual wealth of the country, the activation of the promotion of national crafts, and the increase in the creativity of gifted, purposeful young people from among the youth are considered. In the circle, students master and master various types of technological techniques: carpet and tapestry weaving, crocheting and wire knitting, patchwork knitting, wool knitting, basket making, study its style, history, methods of making crafts from their side, deepen their knowledge, give examples and are intended for study. The ways of formation of spiritual and moral values of students are shown.

**Key words:** spiritual and moral values, carpets, tapestries, braid, hook, knitting needles